

2023 жылғы III тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтер көлемі туралы

Шығарылымы: 29.11.2023

Келесі шығарылым күні: 28.02.2024

1. Негізгі ойлар
2. Жоғары білімнің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Қатысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі көрсеткіштер

2023 жылғы III тоқсанда Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарымен, негізгі қызмет бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 1110181,6 млн.теңгені құрады, оның ішінде 87,8% бюджет есебінен, 10% - халықтан түскен қаражат есебінен, 2,1% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтердің ең үлкен көлемі негізгі қызмет бойынша негізгі және жалпы орта білім саласындағы қызметтер алады, олардың көлемі 641020,8 млн. теңге немесе қызметтердің жалпы көлемінен 57,7%, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында – 170563 млн. теңге (15,4%), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында – 122134 млн. теңге (11%).

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін қосалқы білім беру қызметтері бойынша 9814,6 млн. теңге сомасында, көлік құралдарының жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі көрсететін ұйымдар 470,3 млн. теңге сомасында қызмет көрсетті және орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар 28,8 млн. теңге.

2023 жылғы III тоқсандағы қорытындысы бойынша негізгі қызмет түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 82,1% мемлекеттік меншік ұйымдары, 17,5% жеке меншік ұйымдары және 0,4% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде негізгі қызмет түрі бойынша шағын кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 526663,4 млн. теңгені (47,4%), орта кәсіпорындар – 415018,7 млн. теңгені (37,4%) және ірі кәсіпорындар – 168498,7 млн. теңгені (15,2%) құрады.

Интернет желісі арқылы ұсынылатын білім беру ұйымдардың көрсетілген қызметтердің көлемі 22949,2 млн.теңгені құрады.


Электронды кестелер

[2023 жылғы III тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтер көлемі туралы](#)

2. Динамика

	III тоқсан 2022	IV тоқсан 2022	I тоқсан 2023	II тоқсан 2023	III тоқсан 2023
Негізгі қызмет түрлерімен көрсетілген қызметтер, барлығы	949 833 531	1 275 381 073	1 183 571 427	1 512 131 377	1 110 181 630
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер	144 230 772	166 581 176	163 746 436	185 093 757	170 562 975
Бастауыш білім беру саласындағы қызметтер	9 796 687	19 984 845	20 963 661	20 300 988	13 608 272
Негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметтер	541 739 788	708 392 424	698 412 850	957 393 576	641 020 807
Техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер	57 764 222	86 800 510	79 677 248	103 095 959	65 496 474
Орта білімнен кейінгі білім беру қызметтері	15 223	68 098	63 508	88 178	28 760
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметтер	109 601 920	176 216 942	127 929 585	132 792 165	122 134 979
спорттық білім беру және бос уақытты ұйымдастыратын мамандарды оқыту саласындағы қызметтер	24 482 374	29 664 208	30 980 069	37 576 522	32 176 015
мәдениет аясында білім беру саласындағы қызметтер	12 571 308	16 271 742	17 060 220	23 709 054	14 393 345
жүргізушілерді дайындау мектептерінің қызметтері	685 640	1 257 739	423 762	455 714	470 276
басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де білім беру саласындағы қызметтер	39 454 292	56 728 776	31 420 770	42 563 397	40 475 112
Қосалқы білім беру қызметтері	9 491 305	13 414 614	9 640 271	9 062 067	9 814 615

Объем оказанных услуг по основному виду деятельности (КПВЭД бөлінісінде, пайызбен)



КПВЭД*-Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші

3. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынғауға тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет көрсету – адамның немесе тұтастай қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Релизде меншіктің, ведомстволық тиістілік пен мөлшерліліктің барлық нысанындағы негізгі қызмет түрі білім беру саласындағы ұйымдардың, білім беру саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың статистикалық деректері ұсынылды.

Интернет арқылы ұсынылатын қызметтер – бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім деңгейлері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім беру ұйымының сайты әзірлеу және жүргізу, оқушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті өзара іс-қимыл нысандарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ Интернет қолдану негізінде оқу үдерісіне әкімшілік ету бойынша қызметтер.

5. Өзара байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[2022 жылғы түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім.](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Басылым үшін жауапты: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: Д. Муханғалиева Тел. +7 7172 749374 E-mail: D.Mukhangalieva@aspire.gov.kz	Мекен-жайы: 010000, г.Астана пр. Мәңгілік ел, 8 Министрліктер үйі, 4 подъезд
---	---	--	--